

## Еңбек ардагерлерімен кездесу

2013 жылдың 1 қарашасында агрономия факультетінде ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп, тер төккен еңбек ардагерлерімен кездесу өтті. Мұндағы мақсат - өскелең ұрпаққа өткенді мұра ету, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысты нығайту болатын.

Кездесуге 16 еңбек ардагерлері қатысты. Атап айтар болсақ, М.Ф.Брагина, В.Ф.Должникова, Н.С.Еркенбаев, Б.З.Заханов, Р.Х.Карипов, Ю.А.Лазник, М.А.Искаков М, Қ.М.Сатова, В.В.Титова, Ю.И.Федорова, В.Г.Черненко, Қ.Т.Омаров, Ж.С.Құрманғалиев, М.А.Нетесова, К.Т.Вершинина, Т.А.Ким.

Факультетте биыл ұйымдастырылған бұл кездесу ерекше әсерлі өтті. Жастар мен ардагерлерді байланыстыру мақсатында арнайы ұйымдастырылған кездесудің бағдарламасы бірнеше бөлімді қамтыды. Бірінші бөлімі «Ал, кәнекей, сөйлесейік» деп аталатын ток-шоудан тұрды. Ток –шоуда еңбек ардагерлері – Қ.Т.Омаров, В.В.Титова және Ю.И.Федорова сахнаға шақырылып студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Бағдарлама бойынша еңбек ардагерлері әрі қарай музыкалық қабілеттері бойынша сынға түсті. Сондықтан бағдарламаның екінші бөлімі «Музыкалық калейдоскоп» деп аталды. Мұнда музыкалық эрудиция танытқан Ю.И.Федорова, В.В.Титова, К.Т.Вершинина, Қ.М.Сатова ерекше көзге түсті

Атаулы шараны жоғары деңгейде ұйымдастырған факультетіміздегі орман ресурстары және орман шаруашылығы кафедрасының оқытушылары Ж.С.Құрмағалиев, А.К.Джаксылыкова, А.С.Тасова, А.П.Муранец, М.А.Нетесова, А.Қ.Есмурзаева, М.Такирова, Т:Тохтыбай, А.Р.Түменбаева болды.

Бағдарламаның басында факультет деканы Серекпаев Н.А. ардагерлердің алдында сөз сөйлеп, факультеттің өткені мен бүгіні жайлы қысқаша есеп берсе, кездесудің соңында еңбек ардагерлері Ю.А.Лазник, К.Т.Вершинина, Б.З.Заханов, Н.С.Еркенбаев, К.К.Аринов және т.б. өз лебіздерін білдіріп, студенттерге және факультет оқытушыларына деген алғыстарын жеткізді. Әсіресе, К.Т.Вершинина «Родина моя, Казахстан» атты өлеңін әсерлі орындағаны сондай, тіпті кейбір тыңдаушылардың жанарына жас үйірілді.

Сөз соңында айтарымыз, «бір әріп үйреткенге 40 жыл сәлем бер» дегендей еңбек ардагерлерінің факультетке сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Біз қашан да ардагерлерімізге дендері сау, ғұмыр жасы ұзақ болғай деп тілейміз.



**Вершинина К.Т. студенттерге өлең оқып тұрған шағы**



**Студенттердің еңбек ардагерлеріне сый-сияпат жасауы**



**Еңбек ардагерлерінен естелік**